

Сабақ жоспары

Авторлары: К.Әбілқасымова, С.Мақпырұлы, Б.
Әрінова

Қазақ әдебиеті: Орыс мектептерінің
6-сыныбына арналған оқулық.

(3-басылымы). Алматы: Білім, 2004. – 96 бет.



Тақырыбы:



**А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
“АҚҚУ, ШОРТАН, ҺӘМ
ШАЯН” МЫСАЛЫ**



Мақсаты: 1. Білімділік.

а) Қазақ халқының біртума ұлы А.Байтұрсын-ұлының қазақ әдебиетіндегі орнын таныту. Мысал жанры туралы түсінік қалыптастыру. Әдебиет теориясынан білімдерін тереңдету.

ә) Оқушылардың тіл байлықтарын арттырып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге баулу, тілдерін дамыту.

б) Аңыз әңгімелер арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді сіңіру. Ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа баулу.



2. Дамытушылық: Өзге ұлт өкілді оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне қызығушылығын арттыру. Оқушылардың әдеби білік – дағдыларын: ауызша сөйлеуін, мәнерлеп оқуын, түсініп оқуын, өз ойын жүйелі айта білуін, шығарманы талдай алу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Тәрбиелілік: оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, елжандылыққа тәрбиелеу. Ахмет Байтұрсынов тұлғасын үлгі ете отырып білімге, ізденімпаздыққа баулу. Мысалдың мазмұнын айқындай келе, ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелеу. Бейбіт өмірдің тірегі «ынтымақ» екендігін ұғындыру.


4. Сабақтың түрі: Дәстүрлі


5. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс әдебиеті.

6. Көрнекілік: а) А. Байтұрсынұлы, И.А. Крылов портреттері.

ә) мысал бойынша салынған сюжеттік сурет.

б) жаңа сөздер.



- 
7. Әдіс-тәсілдері: - аквариум әдісі (топтық жұмыс);
-түсіндіру әдісі;
-қатысымдық әдіс;
-әңімелеу;
-іздендіру, өздігінен білім алу әдісі;
-салыстырмалық әдіс;
-талдау әдісі;
-кубизм әдісі;
-сөздік жұмысы.

8. Сабақтың барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі. 1.Оқушылармең амандасу, сабаққа даярлығын тексеру. 2. Кезекшімен жұмыс. Балалар, сабақты бастамас бұрын «кезекшімен жұмысты» жүргізелік.

Сонымен, бүгін сыныпта кім кезекші?



I. Ұйымдастыру кезеңі. (3 мин)

1. Оқушылармен амандасу, сабаққа даярлығын тексеру.

2. Кезекшімен жұмыс.

Балалар, сабақты бастамас бұрын «кезекшімен жұмысты» жүргізелік. Сонымен, бүгін сыныпта кім кезекші?

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі: (5 мин)

- Балалар, мен өткен сабақта А. Құнанбаевтың “Ғылым таппай мақтанба” өлеңін жаттауға берген болатынмын, кім жаттап келді? - деп балалармен диалог құрып, үй тапсырмасын сұраймын.

III. Жаңа материалды игеруге дайындық кезеңі: (6 мин)

“Жұмыла көтерген жүк жеңіл”

“Легка груз который поднят сообща”

Бұл мақалды қалай түсінесіңдер?

Сендер тек жұмыла, біріге жұмыс жасау арқылы сабақтың мақсатына жетесіңдер.



IV. Жаңа материалды қабылдау кезеңі. (16 мин)

1. Тапсырма беру

а) Сұрақтарға жауап беру

1) Мысал дегеніміз қандай шығарма?

2) А. Байтұрсыновтың өмірі, шығармашылығы туралы не білесіңдер?

3) Мысалдағы кейіпкерлердің бейнесі қалай суреттеледі, мінездеме беріңдер.

4) Мысал кейіпкерлерінің істері неліктен нәтижесіз болып шығады?

5) Мысалдан қандай ой түйіңдер, қандай қорытынды жасаға болады?

2. Дәптермен жұмыс жасау

2-тапсырма. Мәтіннен автордың қорытынды ойын тауып, дәптерлеріңе жазып алыңдар.

3-тапсырма. “Бірлік”, “ынтымақ” деген сөздерді талдап, түсініп, мағынасын дәптерлеріңе жазып алыңдар.



V. Жаңа материалды түсінгенін тексеру кезеңі. (7 мин)

4-тапсырма. Мақалдың жалғасын тауып, оқындар.

“Бірлік ...” мысал келтіру.

5-тапсырма. Мына сөздерің мағыналас қатарын тауып, жазындар.

Үлгі: *ғибрат* *ынтымақ*
 өнеге *бірлік*

VI. Жаңа материалды бекіту кезеңі. (4 мин)

Мысалдағы оқиғаны қара сөзбен әңгімелеп беріңдер.

Үй тапсырмасын беру, бағалау (4 мин)

Мысалдың соңғы шумаын жаттау.





I топ: А.Құнанбаев “Қарға мен түлкі”

II топ: А.Байтұрсынұлы “”

-Жақсы балалар ,өз шеберліктеріңді көрсеттіңдер, рахмет!

Сендер үй тапсырмаларын жақсы орындадыңдар . Енді менің сұрақтарыма жауап беріңдер :

- А.Байтұрсынұлы Крыловтың неше мысалын аударған ?

- Дұрыс . Соның бірі бүгінгі “Аққу, шортан, һәм шаян ” мысалы.

- Өздерің анықтағандай А. Байтұрсынұлы белгілі аудармашы.